

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің кезектен тыс мәжілісі
Хаттамасының шешімдері

Түркістан қаласы

26.10.2021 ж.

Сағат: 17:00

Өткізілетін түрі: онлайн (ZOOM платформасы арқылы)

Регламент:

Негізгі мәселелер үшін – 10 минут

Әр түрлі мәселелер үшін – 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрағасы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары.

Күн тәртібі:

1. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша (магистратура және докторантура) 2021–2022 оқу жылына қабылданған білімгерлердің ғылыми жетекшілері мен магистранттардың диссертация тақырыптарын Сенатқа бекітуге ұсыну (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
2. Тақырыбы не ғылыми жетекшілері ауысатын 2-3-курс магистранттар мен докторанттар ұсыныстарын Сенатқа бекітуге ұсыну (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
3. Университет ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған Этикалық комиссия құрамын жаңарту мәселесі (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 2021–2022 оқу жылына қабылданған 1-курс магистранттары және докторанттарының тақырыптары мен талаптарға сәйкес келмейтін ғылыми жетекшілері Сенат мәжілісінде шартты түрде бекітуге ұсынылсын және 01.11.2021 ж. дейін ауыстырылып, Ғылыми зерттеулер бөліміне тапсырылсын.

3. Тақырыбы не ғылыми жетекшілері ауысатын 2-3-курс магистранттар мен докторанттар бойынша факультет ұсыныстары талапқа сай болмауы себепті Ғылым комитетінің келесі мәжілісіне қалдырылсын.

4. Университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған Этикалық комиссиясының құрамы факультеттерден келген ұсыныстар бойынша қайта бекітілсін.

Ғылым комитетінің төрағасы:



А.Ошибаева

Мәжіліс хатшысы:



Ж.Ахметова